

«БЕКІТЕМІН»
Атырау облысы Ішкі саясат
басқармасының «Азаматтық
орталығы» КММ-сі басшысы
_____Ж.Доскалиева
«__»_____2025 ж.

«Үздік ұйым» облыстық конкурсын өткізу туралы ЕРЕЖЕ

1. Жалпы ережелер

1.1. Бұл ереже Атырау облысында тіркелген ҮЕҰ арасында өтетін «Үздік ұйым» облыстық конкурсы (бұдан әрі – Конкурс) байқауына қатысу шарттарын ұйымдастыру, мақсаттары мен міндеттерін, өткізу кезеңдерін, өтінім беруге қойылатын талаптарды және жеңімпаздарды марапаттау тәртібін айқындайды.

1.2. Конкурс ұйымдастырушысы- «Атырау облысы Ішкі саясат басқармасының «Азаматтық орталығы» КММ-сі.

2.Конкурстың мақсаттары мен міндеттері.

2.1.Конкурс мақсаты – Атырау облысындағы әлеуметтік және қоғамдық пайдалы міндеттерді шешуге үлес қосқан ҮЕҰ-дың жетістіктерін насихаттау, үздіктерді анықтау.

2.2.Конкурстың міндеттері:

- Атырау облысындағы белсенді түрде қызмет атқарып жүрген ҮЕҰ жұмыстарын насихаттау;
- Атырау облысындағы ҮЕҰ-дың дамуын жүзеге асыру;
- Өңірдегі әртүрлі бағыттарда қызметтер атқарып жүрген ҮЕҰ өкілдеріне қолдау көрсету;
- Атырау облысындағы ҮЕҰ өкілдерінің қызметтің оң имиджін қалыптастыру;
- Атырау облысындағы ҮЕҰ өкілдерінің дамуға, алға қарай ілгері жұмыс жасауға ынталандыру;

3.Конкурсты ұйымдастыру және өткізу тәртібі.

3.1.Конкурс туралы ақпаратты тарату әлеуметтік желілер арқылы жүзеге асырылады.

3.2.Конкурстың жеңімпаздарын анықтау мақсатында ұйымдастырушы арнайы комиссия құрамын бекітеді.

3.3.Конкурсқа қатысуға келесі ҮЕҰ-дар жіберіледі:

- Атырау облысы аумағында тіркелген ҮЕҰ;
- 2023 жылдың қорытындысы бойынша ҮЕҰ Дерекқорына мәліметтер ұсынған ҮЕҰ;
- Тіркелгеніне 3 жылдан артық емес ҮЕҰ.

3.4.Конкурсқа қатысуға жіберілмейтін ҮЕҰ-дар:

- үкіметтік емес ұйымның филиалдары немесе өкілдіктері;
- 2023 жылдың қорытындысы бойынша Дерекқорға мәліметтер ұсынбаған ҮЕҰ;
- саяси партиялар, діни бірлестіктер;

4. Конкурсқа қатысу құжаттар тізбесі.

- 4.1.Осы Қағидаларға 1-қосымшаға сәйкес нысан бойынша үміткердің сауалнамасы;
- 4.2.Осы Қағидаларға 2-қосымшаға сәйкес нысан бойынша үміткердің қызметі туралы сипаттама (растайтын материалдармен бірге);
- 4.3.Соңғы 3 (үш) жыл ішінде іске асырылған жобаларды және бірлескен жұмыс барысында қол жеткізілген нәтижелерді растау мақсатында байланыс деректері көрсетілген, өтінім берген үкіметтік емес ұйымның қызметі туралы қоғамдастық (үкіметтік емес ұйымдар) немесе мемлекеттік органдар өкілдерінің ұсынымдары (екіден кем емес);
- 4.4.Марапаттау дипломдарының, грамоталарының, алғыс хаттардың көшірмелері (болған жағдайда);
- 4.5.Үміткердің немесе үміткер туралы мақалалардың, жарияланымдардың көшірмелері (болған жағдайда);
- 4.6. Құрылтай құжаттарының көшірмелерін;
- 4.7.Әлеуметтік желілердегі парақшаға сілтеме (болған жағдайда).

Ескерту: төменде конкурсқа қатысуға өтінім беруге арналған қосымшалардың нысандары қоса беріледі.

5.Конкурстың сыйақы қоры

- 5.1.5 (бес) үкіметтік емес ұйым жеңімпаз деп танылады.
- 5.2.Конкурстың сыйақы қоры 1 000 000 (бір миллион) тг, **әрқайсысы 200 000** теңге сыйақымен марапатталады.
- 5.3.Жеңімпаздарға бөлінетін қаражат, қолма-қол берілмейді, жеке есепшоттарына аударылады.

6. Конкурсқа өтінім беру мерзімі

- 6.1.Өтінімдер 2025 жылғы 4 ақпанынан 13 ақпан сағат 17:00-ге дейін қабылданады.
- 6.2.Көрсетілген мерзімнен кейін жіберілген өтінімдер есепке алынбайды.
- 6.3. Өтінімді электрондық түрде Атырау облысы Ішкі саясат басқармасының Азаматтық орталығы коммуналдық мемлекеттік мекемесінің поштасына ұсыну қажет: uzdik.uyim@mail.ru

Толтыруға қажетті қосымшалар нысандары
1- қосымша

Р/с №	Атауы	Ақпарат
1.	ҮЕҰ атауы	
2.	Мемлекеттік тіркеу (қайта тіркеу) күні	
3.	Бизнес сәйкестендіру нөмірі	
4.	Заңды тұлғаны мемлекеттік тіркеу (қайта тіркеу) туралы заңды мекенжайы	
5.	Нақты мекен-жайы (ғимараты болған жағдайда)	
6.	Қызметінің мақсаты (Жарлыққа сәйкес)	
7.	Бірінші басшының тегі, аты, әкесінің аты (болған жағдайда), лауазымы, байланыс (оның ішінде мобильді) телефонының нөмірлері және электрондық поштасының мекенжайы	

Толтыру күні: 20__ жылғы " __ " _____.

Лауазымы _____ (қолы) Т.А.Ә. (болған жағдайда)
Мөр орны (болған жағдайда)

2-қосымша

(үкіметтік емес ұйымның толық атауын көрсету)

2. Қызметі бойынша тәжірибесі

р/с №	Әлеуметтік жобаның атауы немесе іс-шараның атауы (негізгі қызметтің сипаттамасы)	Әлеуметтік жобаны іске асыру мерзімдері	Әлеуметтік жобаның нәтижелері	БАҚ сілтемелері	Фотосуреттері

Ескерту: *Атқарылған жұмыстың нәтижелері, алғыс хаттары, дипломдары, БАҚ материалдары, сілтемелерін қоса тіркеу*

Толтыру күні: 20__ жылғы " __ " _____.

Лауазымы (қолы) Т.А.Ә. (болған жағдайда)

Мөр орны (болған жағдайда)